



Бөлме өсімдіктерінің паспорты



Балабақшадағы бөлме өсімдіктері

(Фиалка, кливия, рео, сансевьера, хамедорея, бегония тигровая, зефирантес, аспарагус, фикус, герань, нефролепис, примула, бальзамин, хлорофитум, камнеломка, колеус, драцена, адиантум, спатифилиум, аспидистра)



Белгілер

Төзімі	 төзімді	 төзімсіз		
Ауаның ылғалдылығы	 Температура	 Сумен бүрку		
Жарыққа төзімділігі	 жарық шашылу	 Бұлыңғыр сәуле	 Жартылай көлеңке	 Көлеңке
Су құю	 Жерді жақсы құрғату	 Жерді жеңіл құрғату	 Жер ардайым дымқыл	 Табақшадағы су мөлшері


САНСЕВЬЕРА

Жарық: көлеңкеге төзімді өсімдік, жарықты көп тілемейді.

Температура: көктемде және жазда 18-25°C қалайды, күзде және қыста температура 14-16°C төмен түспеуі керек, өйткені ұзаққа созылған суық температурада өсімдік аурушан болады.

Су құю: жазда жиі суарып, тыңайтып отыру керек, қыста сәл құрғақ ұстау керек.

Ауа ылғалдылығы: жапырақтарын дымқыл сүлгімен сүрткен тиімді.



Сансевьера – екі-үш жылдық, үнемі жасыл өсімдік. Жапырақтары тік өседі. Көктемде гүлдейді, кішкентай ақ гүлдер пайда болады. Бұл өсімдіктердің барлық түрлері төзімді болып келеді




Бегония

Жарық: жартылай көлеңке. Өсімдіктерді күннің тура түсуінен қорғау.


Температура: жақсы 18°C, 20-25°C.

Су құю: жазда көп, ал қыста аздап құю керек.

Ауа ылғалдылығы: жапырақтарына суды шашыратып құюға болмайды.



Патша немесе король бегониясы. Наполеонның құлағы (бегония тұқымдастар). Отаны- Азияның тропиктік ормандары. Әдемі, ашық түсті, ірі жапырақтары, сағақ сияқты сабырап тұратын өсімдік; жапырақтары қалемшелерінен көбейеді. Үнемігүлдеп тұратын өсімдік.



ЗЕФИРАНТЕС

Жарық: ашық, күннің тура түсуіне төзімді өсімдік.

Температура: жылдам өсетін кезде 18-25°C, ал баяу өсетін кезде 10-12°C салқын жерде ұстау керек.

Су құю: жылдам өсетін кезде жиі, ал баяу өсетін кезде аздап құю керек.

Ауа ылғалы: онша маңызды емес



Зефирантес - Отаны Орталық Америка. Жіңішке түзу жапырақты және түтіктектес ақ, сары, күлгін, қызыл немесе қызғылт гүлдері бар кішкене баданалы өсімдік. Сәуірден бастап күзге дейін гүлдейді. Гүл өркендері жерден ытқып шығатындай жылдам гүлденетіндіктен (1-2 күннен соң ақ), өсімдік "ырғыма" деп аталған. Күй талғамайтын өсімдік, бірақ оны жылма жыл: көктемде жайпақтау кең ыдысқа, жазда топыраққа қайта отырғызу керек. Қайта отырғызғанда балапандап көбейеді.




ФИКУС

Жарық : ашық. Жарыққа төзімді

Температура: көктемде және жазда 23-25°C, ал қыста 12-15°C.

Су құю: көктемде және жазда жиі суару керек. Күзде азайтады, ал қыста сирек құяды

Ауа ылғалы: құрғақ ауаға төзімді, бірақ жапырақтарына су шашқанды ұнатады



Фигус- (тұт тұқымдастар). Отаны шығыс Үндістанның қапырық жерлері. Қабыршақты, ірі жапырақты өсімдік, жылдам өседі, жарықты көп тілемейді, жарықта шишаға, суға салып қойғанда тамыры оңай шығатын жоғары кесінділерінен көбейеді. Жаңа жапырақтарының пайда болуы мен өсуін бақылауға қызық өсімдік.




ГЕРАНЬ (пеларгония)

Жарық : ашық, өсімдік ашық жарыққа төзімді.

Температура: жазда бөлме температурасы. Қыста өсімдікті салқындықта ұстайды 8-12°C.

Су құю: сирек суару керек, көп суды жақтырмайды. Қыста сирек құяды.

Ауа ылғалы: жазда суды бүркіп құюға болады



Гераньды бөлмеде, бақшада өсіруге болады. Күй талғамайтын өсімдік. Өзінің әсемдігінен басқа айналасына иіс жашады. Суды көп тілемейді. Құрғақтыққа төзімді. Гүлдері ұзақ гүлденіп тұрады.




АСПИДИСТРА

Жарық : көлеңкеге төзімді өсімдік

Температура: қыста салқынды тілейді 15°C. Қыста 20°C ұстағанда жиі суды бүрку керек.


Су құю: көктемнен күзге дейін суды жиі құю керек , ал қыста сирек құю керек

Ауа ылғалдылығы: Аспидистра құрғақ ауаға төзімді, суды бүркіп құю




Аспидистра немесе плектогина, ынтымақты (лала гүл тұқымдастар). Отаны Оңтүстік Қытайдың ормандары. Ұзын, жалпақ ландыштық жапырақтары сияқты, қара көк жапырақтары бар, тамырсабақтарынан өсетін әдемі өсімдік: топырақты талғамайтын, жапырақты және тыңайтқанда жылдам өсіп өнеді, күзде және қыста гүл береді, тамырсабағынан көбейеді.










Традесканция






зефирантес




Герань





Сансевьера



Фикус



Бегония



Аспидистра




ТРАДЕСКАНЦИЯ

Жарық : көлеңкеге төзімді өсімдік

Температура: жазда 25°C. Қыста 8-12°C ұстау керек.




Су құю: көктемнен күзге дейін суды жиі құю керек , ал қыста сирек құю керек

Ауа ылғалдылығы: дымқыл ауа маңызды емес, жазда су бүркіп құю





Традесканция (коммелина тұқымдастар). Отаны Американың тропиктік ормандары. Салбырап тұратын ұзын сабақтары бар және ланцет тәрізді жасыл жапырақтары ашық жарықта солғынданып тұратын өсімдік. Көктемнен күзге дейін қаламшелерінен өсіп өнеді, сынған сабақтары оңай тамырланады. Традесканцияның жапырақтары зебр түстес күмістей аппақ, қоңыр немесе күлгін жолақтары бар, жапырақтарының жарықтығы ашықтау түсі көлеңкеде жасылданып тұрады.







Лилия





Бальзамин





Бальзамин





Моранта





монстере



Эпифиллум











Рео



Мини паспорта растений для горшков с растениями, предварительно распечатать, заламинировать, вырезать. Взять трубочки для сока, разрезать пополам, сделать небольшие надрезы с одного края, в надрез вставить заламинированную картоку – минипаспорт растения.





Тіл дамыту

Құрастыру

Сурет

